

**"Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін  
атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 245 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20586 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11125 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

*Б. Атамкулов*

**"КЕЛІСІЛГЕН"**

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық даму

министрінің

2020 жылғы 29 сәуірдегі

№ 245 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 24 ақпандағы № 165

бұйрығымен бекітілген

## **Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар сауда мақсатында теңізде жүзуге пайдаланылатын кемелерге қолданылады. Қағидалар Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің теңіз бөлімдері туын көтеріп жүзуші кемелерге қолданылмайды.

3. Қағидалар барлық жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші) қолданылады.

4. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кемеңің жасалған жылы - кемеңің тіркеу туралы құжатта көрсетілгендей, жасалған жылынан бері өткен уақыт кезеңі;

2) қазақстандық кемемен жалданушы - белгілі бір мерзімге кеме беретін тарабы болып табылатын Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғасы;

3) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті.

5. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде (бұдан әрі - Мемлекеттік кеме тізілімі), Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде (бұдан әрі - халықаралық кеме тізілімі) және бербоут-чартер тізілімінде кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы теңіз кемелерінің тізілімдерін (Мемлекеттік кеме тізілімін, халықаралық кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімін) жүргізуді Порттың теңіз әкімшілігі электрондық жеткізгіште осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жүзеге асырады.

6. Порттың теңіз әкімшілігі мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

7. Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар:

1) құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ресми шетелдік құжаттар шетелдегі Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінде заңдастыруға жатады.

Қарауға белгіленген тәртіппен расталған, оларға қатысты көрсетілген талаптар орындалған нотарилады куәландарылған құжаттардың көшірмесі қабылдануы мүмкін. Егер ұсынылатын құжаттар шетел тілінде жасалған болса, оларға мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы қоса беріледі;

3) құжаттардың мәтіндері анық, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

4) тазарту не қосып жазу, сызылған сөздер және оларда өзге де ескертілмеген түзетулер бар құжаттар, қарындашпен орындалған құжаттар, сондай-ақ мазмұнын біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар мемлекеттік тіркеуге қабылдауға жатпайды.

8. Кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру туралы мәліметтер кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

9. Шақыру сигналын ауыстыру жағдайында ол туралы мәліметтер тиісті тізілімге енгізіледі.

## **2-тарау. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу тәртібі**

10. Мемлекеттік кеме тізілімінде теңіз, жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құю, сүйрегіш кемелер, жүзбелі бұрғылау қондырғылары, құрғақ жүктер, жүзбелі крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтар және басқалары), сондай-ақ кіші көлемді кемеге жатпайтын кемелер тіркеуге жатады.

11. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңымен белгіленген тәртіппен тіркелген бекітілген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның меншігіндегі, кемең жасалған жылы бес жылдан аспайтын және Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жасалған (сатып алынған) кемелер Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Бұл ретте кемең жасалған жылы туралы осы тармақтың бірінші бөлімінің талабы Қазақстан Республикасының кеме тізілімдерінде бұрын тіркелген, сондай-ақ кейіннен меншік иесі 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын кез келген шетелдік заңды тұлғаның меншігіне берілген кемелерге қолданылмайды.

12. Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемеңі Порттың теңіз әкімшілігі бербоут-чартер шарты бойынша беру кезінде:

1) Мемлекеттік кеме тізілімінің "Ескерту" бағанасына меншік иесінің өтінімінің негізінде бербоут-чартер шартының қосымшасымен бербоут-чартер шартының қолданылу мерзімі көрсетілген тиісті жазбаны енгізеді;

2) "Кеме иесінің атауы және мекенжайы" бағанасына бербоут-чартер шарты бойынша кеме жалдаушының мәліметтерін енгізеді.

Бұл ретте кемеде теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы болу қажет.

13. Кемеңі Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) порталы (бұдан әрі - портал) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін 1-қызметтің стандарты) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінімді жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін 1-қызметтің стандартында мазмұндалған.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

14. Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) Порттың теңіз әкімшілігі кеңсесінің маманы порталда өтінішті тіркейді және оны Порт теңіз әкімшілігінің басшысына (бұдан әрі - басшы) жолдайды;

2) басшы өтінішті орындау үшін жауапты орындаушыға жолдайды;

3) жауапты орындаушы өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарын олардың толықтығына және осы Қағидалармен белгіленген талаптардың сәйкестігіне қарайды, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды және басшының қол қоюына енгізеді;

4) басшы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды;

5) өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін өзінің "жеке кабинетінде" алады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мемлекеттік көрсетілетін 1-қызметтің стандартына сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

16. Кемені Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізу осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзуге құқығы туралы куәлік және Кемеге жеке меншік құқығы туралы куәліктер берумен куәландырылады, ол кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайды.

17. Кеме Мемлекеттік кеме тізіліміне бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда кемені қайта тіркеу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін, коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын кемені пайдалану да кемені қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

18. Порттың теңіз әкімшілігі қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Порттың теңіз

әкімшілігі, уәкілетті орган басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жолданады.

Өтініш берушінің Порт теңіз әкімшілігіне, уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Өтініш берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Келіспеген жағдайда өтініш беруші шағымды қараудың нәтижелерін сот тәртібінде шағымдай алады.

### **3-тарау. Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру тәртібі**

19. Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беруді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері (бұдан әрі - шетелдегі мекеме) жүзеге асырады.

20. Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерде сатып алынған кеме шетелдегі мекеме осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес осындай құқықты растайтын және мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа жарамды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүру құқығы туралы уақытша куәлікті (бұдан әрі - уақытша куәлік) берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланады.

21. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін алған кезде Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы құжаттарды есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді. Уақытша куәлік берілгені туралы әрбір жазба тіркеу нөмірімен сәйкестендіріледі. Мұндай нөмір құжаттарды қабылдаған кезде беріледі және қабылдаған құжаттардың кіріс нөміріне сәйкес келеді. Ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін шетелдегі мекеме уақытша куәлікті береді. Берілген уақытша куәлік туралы шетелдегі мекеме он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға уақытша куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, хабарлама жібереді.

22. Уақытша куәлікті электрондық түрде алу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін 2-қызметтің стандарты) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтінімді портал арқылы, уақытша куәлікті қағаз түрінде алу үшін - Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы арқылы жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін 2-қызметтің стандартында мазмұндалған.

Құжаттарды қарау және уақытша куәлікті беру жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

23. Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы құжаттардың қабылдауын және тіркеуін берген күні жүзеге асырады.

Өтінімді портал арқылы берген кезде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Өтінім қағаз нысанында берілген кезде оның көшірмесінде құжаттарды қабылдау туралы таңба қойылады.

24. Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеу сәтінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәждеделген бас тартуды (бұдан әрі - уәждеделген бас тарту) дайындайды.

25. Өтініш беруші осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы үш жұмыс күні ішінде құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қарайды, оң қорытынды кезде уақытша куәлікті ресімдейді және өтініш берушіге жолдайды, теріс қорытынды кезде көрсетілген мерзімдерде уақытша куәлікті беруден уәждеделген бас тартуды ресімдейді және өтініш берушіге жолдайды.

26. Уақытша куәлікті беруден бас тарту мемлекеттік көрсетілетін 2-қызметтің стандартына сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

27. Шетелдегі мекеме қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдегі мекеме, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жолданады.

Өтініш берушінің шетелдегі мекемеге, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне түскен шағым оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Өтініш берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Келіспеген жағдайда өтініш беруші шағымды қараудың нәтижелерін сот тәртібінде шағымдай алады.

#### **4-тарау. Қазақстан Республикасының халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу тәртібі**

28. Халықаралық кеме тізілімінде жүктерді, жолаушыларды және олардың багаждарын халықаралық тасымалдаулар, сүйретіп жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, оның ішінде бербоут-чартер бойынша пайдалануға берілген кемелер тіркеледі.

Егер кемелер шет мемлекеттердің кемелер тізілімдерінде тіркелген болса және халықаралық кеме тізілімінде тіркеу туралы өтініш берілген күні олардың жасалғанына жиырма жылдан асса, олар халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатпайды.

29. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (бербоут-чартер бойынша жалдап алынған кемеге осы құқықтарды қоспағанда), осы құқықтарды шектеулер (ауыртпалықтар), олардың туындауы, ауысуы және тоқтатылуы халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарға қатысты шектеулер (ауыртпалықтар) белгіленген кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу және мұндай кемені аталған тізілімнен шығару пайдасына тиісті шектеу (ауыртпалық) белгіленген адамның жазбаша нысандағы келісімімен жүзеге асырылады.

Бербоут-чартер бойынша жалға алынған кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу мерзімі осындай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру мерзімінен аспайтын болады.

30. Мына кеме халықаралық кеме тізілімінен шығарылуға жатады:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта құру немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;
- 4) Заңның 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;
- 5) оған қатысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзіп жүруге құқығын уақытша беру туралы шешімді уәкілетті орган жоққа шығарған;



б) оған қатысты Қазақстан Республикасының аумақтық сулары шегінде қызметті жүзеге асыру фактісі айқындалған.

31. Кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші портал немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін 3-қызметтің стандарты) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өтінімді жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін 3-қызметтің стандартында мазмұндалған.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде өтініш берушіге тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

32. Құжаттардың толық еместігін және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды анықтаған жағдайда Мемлекеттік корпорация құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхатты (бұдан әрі - қолхат) береді.

33. Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) Порттың теңіз әкімшілігі кеңсесінің маманы портал немесе Мемлекеттік корпорация арқылы түскен өтінішті тіркейді және оны Порт теңіз әкімшілігінің басшысына (бұдан әрі - басшы) жолдайды;

2) басшы өтінішті орындау үшін жауапты орындаушыға жолдайды;

3) жауапты орындаушы өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарын олардың толықтығына және осы Қағидалармен белгіленген талаптардың сәйкестігіне қарайды, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды және басшының қол қоюына енгізеді;

4) басшы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды;

5) өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін өзінің "жеке кабинетінде" немесе Порттың теңіз әкімшілігінен пошталық байланыс арқылы келіп түскен Мемлекеттік корпорацияда алады.

Дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияда беру жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

34. Мемлекеттік корпорация нәтиженің сақталуын бір ай бойы қамтамасыз етеді, бұдан кейін оны одан әрі сақтау үшін Порттың теңіз әкімшілігіне береді. Өтініш беруші бір ай өтіп кеткеннен кейін жүгінген кезде Порттың теңіз әкімшілігі Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

35. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мемлекеттік көрсетілетін 3-қызметтің стандартына сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

36. Порттың теңіз әкімшілігі, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Порттың теңіз әкімшілігі, Мемлекеттік корпорация, уәкілетті орган басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жолданады.

Өтініш берушінің Порт теңіз әкімшілігіне, Мемлекеттік корпорацияға, уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Өтініш берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Келіспеген жағдайда өтініш беруші шағымды қараудың нәтижелерін сот тәртібінде шағымдай алады.

## **5-тарау. Бербоут-чартер тізілімінде теңіз кемелерін мемлекеттік тіркеу тәртібі**

37. Бербоут-чартер тізілімінде шет мемлекеттердің тізілімінде тіркелген және бербоут-чартер бойынша:

1) қазақстандық кеме жалдаушыға;

2) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер, қосалқы мердігерлер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаға ұсынылған теңіз кемелері тіркеуге жатады.

38. Уәкілетті орган теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша рұқсат беру туралы шешім қабылдаған жағдайда мұндай кеме бербоут-чартер тізіліміне тіркеуге жатады.

39. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылдау үшін кеме иесі уәкілетті органға мынадай құжаттарды береді:

- 1) көрсетілетін қызмет алушының жеке сәйкестендіру нөмірін / бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып еркін нысандағы өтініш;
- 2) бербоут-чартер шарты;
- 3) шет мемлекеттердің құзыретті билік органдары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кеме мені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап бұл құқық тоқтатыла тұратынын растайтын кеме мені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кеме менің ипотека ауыртпалығы және кеме менің меншік иесі туралы мәліметтерді қамтитын құжат;
- 4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге кеме мені ауыстыруға меншік иесі және кеме менің тіркелген ауыртпалығына кепіл ұстаушының жазбаша рұқсаты;
- 5) сыныптау куәлігі немесе кеме менің техникалық жарамдылығын растайтын өзге де құжат;
- 6) кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жалға алынғанын растайтын Солтүстік Каспий жобасы жөнінде оператордан хат (осы Қағидалар 37-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар жалға алған кемелер үшін);
- 7) өлшеу куәлігі.

40. Уәкілетті органның құжаттарды қарауы он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, қарау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы рұқсат беріледі немесе мынадай жағдайларда:

- 1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарына кеме менің сәйкес келмеуін көрсететін негіздер болған кезде;
- 2) осы Қағидалар 37-тармағының 2) тармақшасында көзделген тұлғалар кеме мені Солтүстік Каспий жобасын іске асыру мақсатынсыз жалға алған кезде;
- 3) бербоут-чартер тізілімінде тіркеу мерзімін ұзартуға жататын кемелерді, қазақстандық флоттың құрамында болмайтын мамандандырылған кемелерді, сондай-ақ реновация, жаңғырту және қайта жабдықтау рәсімінен өткен кемелерді қоспағанда, кеме менің шығарылған уақыты жиырма жылдан жоғары болған кезде бас тартылады.

41. Кемені бербоут-чартер тізілімінде тіркеу мерзімін ұзарту мынадай құжаттар қоса беріле отырып, оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады:

1) кеме иесінен еркін нысандағы өтініш;

2) шет мемлекеттердің құзыретті билік органдары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кемені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап бұл құқық тоқтатыла тұратынын растайтын кемені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кеменің ипотека ауыртпалығы және кеменің меншік иесі туралы мәліметтерді қамтитын құжат.

42. Бербоут-чартер тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) осы Заңның 11-бабының 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;

5) оған қатысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің күшін жойған кеме шығарылуға жатады.

Сондай-ақ Порттың теңіз әкімшілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің мерзімі аяқталғаннан кейін үшінші жұмыс күні кемені аталған тізілімнен шығарады.

43. Кемені бербоут-чартер тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес өтінімді жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес "Бербоут-чартер тізілімінде теңіз кемелерін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартында (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін 4-қызметтің стандарты) мазмұндалған.

Өтінішті қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

44. Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) Порттың теңіз әкімшілігі кеңсесінің маманы порталда өтінішті тіркейді және оны Порт теңіз әкімшілігінің басшысына (бұдан әрі - басшы) жолдайды;

2) басшы өтінішті орындау үшін жауапты орындаушыға жолдайды;

3) жауапты орындаушы өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарын олардың толықтығына және осы Қағидалармен белгіленген талаптардың сәйкестігіне қарайды, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды және басшының қол қоюына енгізеді;

4) басшы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды;

5) өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін өзінің "жеке кабинетінде" алады.

45. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мемлекеттік көрсетілетін 4-қызметтің стандартына сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

46. Порттың теңіз әкімшілігі қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Порттың теңіз әкімшілігі, уәкілетті орган басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жолданады.

Өтініш берушінің Порт теңіз әкімшілігіне, уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Өтініш берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Келіспеген жағдайда өтініш беруші шағымды қараудың нәтижелерін сот тәртібінде шағымдай алады.

## **6-тарау. Жасалып жатқан кемелер тізілімінде жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу тәртібі**

47. Жасалып жатқан кемелер тізілімінде жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші портал немесе Мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес "Жасалып жатқан кемелер тізілімінде жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін 5-қызметтің стандарты) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес өтінімді жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу

туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін 5-қызметтің стандартында мазмұндалған.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде өтініш берушіге тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

48. Құжаттардың толық еместігін және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды анықтаған жағдайда Мемлекеттік корпорация құжаттарды қабылдаудан бас тартады және қолхатты береді.

49. Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) Порттың теңіз әкімшілігі кеңсесінің маманы портал немесе Мемлекеттік корпорация арқылы түскен өтінішті тіркейді және оны Порт теңіз әкімшілігінің басшысына (бұдан әрі - басшы) жолдайды;

2) басшы өтінішті орындау үшін жауапты орындаушыға жолдайды;

3) жауапты орындаушы өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарын олардың толықтығына және осы Қағидалармен белгіленген талаптардың сәйкестігіне қарайды, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды және басшының қол қоюына енгізеді;

4) басшы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды;

5) өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін өзінің "жеке кабинетінде" немесе Порттың теңіз әкімшілігінен пошталық байланыс арқылы келіп түскен Мемлекеттік корпорацияда алады.

Дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияда беру жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

50. Мемлекеттік корпорация нәтиженің сақталуын бір ай бойы қамтамасыз етеді, бұдан кейін оны одан әрі сақтау үшін Порттың теңіз әкімшілігіне береді. Өтініш беруші бір ай өтіп кеткеннен кейін жүгінген кезде Порттың теңіз әкімшілігі Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

51. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мемлекеттік көрсетілетін 5-қызметтің стандартына сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

52. Порттың теңіз әкімшілігі, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Порттың теңіз әкімшілігі, Мемлекеттік корпорация, уәкілетті орган басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жолданады.

Өтініш берушінің Порт теңіз әкімшілігіне, Мемлекеттік корпорацияға, уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Өтініш берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен шағым оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Келіспеген жағдайда өтініш беруші шағымды қараудың нәтижелерін сот тәртібінде шағымдай алады.

## **7-тарау. Кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыру**

53. Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе халықаралық кеме тізілімінде тіркелген меншік құқығындағы кемені бербоут-чартер бойынша шетелдік кеме жалдаушыға пайдалануға және иелік етуге ұсынған кезде осындай кеме уәкілетті органның шешімі негізінде шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстырылуы мүмкін.

54. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешімді уәкілетті орган мынадай құжаттар негізінде қабылдайды:

- 1) кеме иесінің немесе оның уәкілетті тұлғасының өтініші;
- 2) кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыруға ипотеканың кепіл ұстаушысының жазбаша келісімі (белгіленген және белгіленген тәртіппен тіркелген кеме ипотекасының ұстаушыларын алдын ала қанағаттандыру болмаған кезде);
- 3) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы ұсынылғанын немесе Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған сәтте осы құқық берілетінін растайтын құжат;
- 4) бербоут-чартер.

55. Бас тарту үшін негіз болмаған кезде Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе халықаралық кеме тізілімінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған күн, кемені шет мемлекеттің туын көтеруге ауыстыруға рұқсат етілетін мерзім, кемеге туын көтеріп жүзуге рұқсат берілген мемлекеттің атауы, бербоут-чартер бойынша шетелдік кеме жалдаушының аты және мекенжайы көрсетіледі.

56. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған күні Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе халықаралық кеме тізілімінде тіркелген күн болып есептеледі. Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлікке белгілерді енгізу өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

57. Кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұру мерзімі ішінде оның бортында осы құқық тоқтатыла тұрғаны туралы белгісімен Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік болуы тиіс.

58. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығының тоқтатыла тұрған мерзім ішінде кемеге арналған құқықты, шектеулерді (ауыртпалықтарды) тіркеуді осы Қағидаларға сәйкес Мемлекеттік кеме тізілімінде жүргізу жалғастырылады.

59. Бербоут-чартер қолданысы тоқтатылған кезде немесе уәкілетті органның шешімінде көрсетілген мерзім өткен кезде Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе халықаралық кеме тізіліміне кемеің меншік иесінің өтініші негізінде тиісті жазу енгізіледі және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы жаңа кеме куәлігі беріледі.

## 8-тарау. Шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркеу

60. Шағын көлемді кемелерді тіркеуді Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 "Кемеі, оның ішінде шағын көлемді кемеі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде болып тіркелген № 10400) ішкі су көлігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі кеме кітапшасында жүргізеді.

Кемелерді және оларға  
құқықтарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы теңіз кемелерінің тізілімдері

Нысан

## Теңіз кемелерінің мемлекеттік кемелер тізілімі

Кесте басталуы

р/с	Кеме тізіліміне енгізілген	Кемеің атауы	Меншік иесінің атауы және	Кеме иесінің атауы және оның	Кемеің бұрынғы атауы (егер ол бұрын	Алдыңғы тіркелген порты (орны) және оның	Кемеің түрі	Шақыру белгісі
-----	----------------------------	--------------	---------------------------	------------------------------	-------------------------------------	--	-------------	----------------





Халықаларық теңіз ұйымы нөмірі	Жүзу ауданы	Кемең жасалған жылы және орны, кеме зауытының атауы, жоба №	Корпус материалы	Кеме ұзындығы (метрмен)	Кеме ені (метрмен)	Шөгү (жүкпен) (метрмен)	Шөгү (жүксіз) (метрмен)	Су үстіндегі борттың биіктігі (метрмен)
--------------------------------	-------------	---	------------------	-------------------------	--------------------	-------------------------	-------------------------	---

Кестенің жалғасы

Басты қозғалтқыштардың қуаты (түрі және саны, жасалған орны, жанармай түрі)	Жүк көтерімділігі	Жолаушылар орындықтарының саны (адам)	Жалпы сыйымдылығы	Таза сыйымдылығы	Қозғағыш түрі	Құтқару шлюпклары (саны, жалпы сыйымдылығы)	Жүрістің ең жоғары жылдамдығы (тораптарда) жүкпен
---	-------------------	---------------------------------------	-------------------	------------------	---------------	---	---

Кестенің жалғасы

Лафеттердің саны мен қуаты	Жүрістің ең жоғары жылдамдығы (тораптарда) жүксіз	Танк сыйымдылығы (жанармай, балласт, тұщы су)	Жүктердің саны (танк) шаршы өлшемі	Ескерту	Өзгерістер туралы белгілер	Сенімді басқарушының атуы жәе мекен-жайы	Кемең сенімді басқаруға бергені туралы меншік иесінің немесе уәкілнтті органның келісімі туралы құжаттың деректемелері
----------------------------	---	---	------------------------------------	---------	----------------------------	--	--

Кестенің соңы

Кемең немесе жасалынып жатқан кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктік № және берілген күні	Ипотеканы епілге берушінің аты және мекен-жайы	Ипотеканы кепілге ұстаушының аты және мекен -жайы немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер	Ипотека мен қамтамысыз етілген міндеттемелердің ең жоғары мөлері	Кеме ипотекасының аяқталу мерзімі	Кеме ипотекасының мерзімінен бұрын аяқалу күні	Кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеуді тоқтатуға негіз болған құжаттадың атауы мен деректемелері
---	--	--	--	-----------------------------------	--	---

Нысан

## Бербоут-чартерлік кемелер тізілімі

Кесте басталуы

Р/с № /	Тізілімге енгізілген күні және тіркелген реттік нөмірі және ҚР Мемлекеттік ту астында жүзу құқығына берілген рұқсаттың жарамдылық мерзімі	Кемең атауы	Меншік иесінің атауы және оның мекен-жайы	Кеме жалдаушының атауы және оның мекен-жайы	Негізгі тіркелген порты	Жалданған уақыттағы кемең тіркелген порты	Кемең түрі және мақсаты	шақыру белгісі
---------	---	-------------	---	---	-------------------------	---	-------------------------	----------------

## Кестенің жалғасы

Халықаларық теңіз ұйымы нөмірі	Жүзу ауданы	Кемең жасалған жылы және орны	Корпус материалы	Кеме (метрмен) ұзындығы	Кеме (метрмен) ені	Шөгү (метрмен) жүкпен	Шөгү (метрмен) жүксіз	Су үстіндегі борттың биіктігі (метрмен)
--------------------------------	-------------	-------------------------------	------------------	-------------------------	--------------------	-----------------------	-----------------------	---

## Кестенің жалғасы

Басты қозғалтқыштардың қуаты (түрі және саны, бас қозғалтқыштың жасалған орны, жанармай түрі)	Ж ү к көтерілімділігі	Жолаушылар орындықтарының саны (адам)	Ж а л п ы сыйымдылығы	Т а з а сыйымдылығы	Қозғағыш түрі
---	-----------------------	---------------------------------------	-----------------------	---------------------	---------------

## Соңғы кесте

Жүрістің ең жоғары жылдамдығы жүкпен (тораптарда)	Жүрістің ең жоғары жылдамдығы жүксіз (тораптарда)	Лафеттердің саны мен куаты	Сыныптық ұйым шығарған куәлік (кімнен берілгені, күні)	Т а н к сыйымдылығы (жанармай, балласт, тұщы су)	Ж ү к трюмдарының саны (танк) шаршы өлшемі	Ескерту	Өзгерістер туралы белгілер
---	---	----------------------------	--	--	--	---------	----------------------------

Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына 2-қосымша нысан

## Кемеңі Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге өтініш

1. Меншік иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес-сәйкестендіру нөмірі

2. Меншік иесінің атауы \_\_\_\_\_

3. Меншік иесінің мекенжайы \_\_\_\_\_

4. Меншік иесінің телефоны және электрондық поштасының мекенжайы \_

5. Кемеңің атауы \_\_\_\_\_

6. Алдыңғы тіркелген порты және оны жою күні (бар болса) \_\_\_\_\_

7. Кемеңің жүзу ауданы \_\_\_\_\_

8. Тіркеу порты \_\_\_\_\_

6. Кемеңің жүк көтерімділігі (қолданылса) \_\_\_\_\_ тонна

7. Жолаушы сыйымдылығы (қолданылса) \_\_\_\_\_ адам

8. Кемеңің бас қозғалтқышының түрі (қолданылса) \_\_\_\_\_

9. Қозғалтқыштардың түрі \_\_\_\_\_

10. Винттер саны \_\_\_\_\_

11. Суға барынша шөгу: жүк болғанда \_\_\_\_\_ метр, жүк болмағанда \_\_\_\_\_ метр

12. Тіркелімдік сыйымдылық: таза \_\_\_\_\_ тонна, жалпы \_\_\_\_\_ тонна

13. Жүрістің ең жоғары жылдамдығы: жүкпен \_\_\_\_\_ буын, жүксіз \_\_\_\_\_ буын

14. Құтқару шлюпкалары мен салдарының саны мен сыйымдылығы \_\_\_\_\_

15. Кеменің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

16. Халықаралық теңіз ұйымының сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

17. Шақыру сигналы(бар болса) \_\_\_\_\_

18. Кеменің түрі \_\_\_\_\_

19. Кемені салу жылы мен орны \_\_\_\_\_

20. Корпустың материалы \_\_\_\_\_

21. Бас қозғалтқыштарының саны мен қуаты (бар болса) \_\_\_\_\_

22. Кеменің бұрынғы атауы (бар болса) \_\_\_\_\_

23. Танктар сыйымдылығы: отындық \_\_\_\_\_, тұщы су \_\_\_\_\_, балласт \_\_\_\_\_

24. Кеменің өлшемдері (метрлерде): ұзындығы \_\_\_\_\_, ені \_\_\_\_\_, борт биіктігі \_\_\_\_\_

25. Кеменің сыныбы \_\_\_\_\_

26. Өлшеу куәлігі \_\_\_\_\_

(қашан, кім берген, нөмірі)

27. Жолаушылар куәлігі \_\_\_\_\_

(қашан, кім берген, нөмірі, қолданылу мерзімі)

28. Жүзуге жарамдылық туралы куәлік \_\_\_\_\_

(қашан, кім берген, нөмірі, қолданылу мерзімі)

29. Сыныптау куәлігі \_\_\_\_\_

(қашан, кім берген, қолданылу мерзімі)

30. Кеменің ауыртпалығы туралы мәліметтер (қолданылса) \_\_\_\_\_

(пайда болу негізі, құжаттардың деректемелері, мерзім)

31. Көрсетілетін қызмет алушының қолы және мағлұматтары \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Күні \_\_\_\_\_

Кемелерді және оларға  
құқықтарды мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
3-қосымша

"Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Порттың теңіз әкімшілігі
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні
4	Көрсету нысаны мемлекеттік қызмет көрсетудің	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік; осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеге меншік құқығы туралы куәлік; осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеңіз Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен шығарылғаны туралы куәлік; осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен жүзеге асырылады. Алым мөлшерлемелері: 1) мемлекеттік тіркеу үшін - 60 АЕК; 2) қайта тіркеу үшін - 30 АЕК құрайды. Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "электрондық үкіметтің" төлеу шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
		1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

7	Жұмыс кестесі	2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
